

"Қазгидромет" РМК

Консультативтік ауа райы болжамы

2025 жылғы қыркүйек - қараша айларына

Күз - суық, жиі жауын-шашын, үсік және тұман болатын жылдың ең құбылмалы уақыттарының бірі.

Маусымдық консультативтік болжамға сәйкес **қыркүйек** айында Қазақстан аумағының басым бөлігінде орташа айлық ауа температурасы *норма шамасында*, республиканың батыс өңірлерінде және елдің солтүстік-батысының жекелеген аудандарында – *нормадан 1° жоғары*, ал елдің солтүстік-шығысында, шығысында және оңтүстік-шығысында – *нормадан 1° төмен* (норма: ҚР басым бөлігінде $+10+16^{\circ}\text{C}$, елдің оңтүстік жартысында $+17+21^{\circ}\text{C}$, республиканың оңтүстік-шығысы мен шығысындағы таулы аудандарда $+4+9^{\circ}\text{C}$) күтіледі.

Қазан айында үсік ықтималдығы артады, орташа айлық ауа температурасы республика аумағының басым бөлігінде *норма шамасында*, елдің батысында, оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында *нормадан 1° жоғары* болжанады (норма: ҚР басым бөлігінде $+3+9^{\circ}\text{C}$, елдің оңтүстігінде, оңтүстік-батысында $+10+14^{\circ}\text{C}$, республиканың оңтүстік-шығысы мен шығысындағы таулы аудандарда $-1+2^{\circ}\text{C}$).

Қараша айында республика аумағының басым бөлігінде ауа температурасы *нормадан $1-2^{\circ}$ жоғары*, тек елдің қиыр оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында *норма шамасында* (норма: ҚР басым бөлігінде $-7+1^{\circ}\text{C}$, елдің оңтүстігінде $+2+7^{\circ}\text{C}$) болжанады.

Күзде жауын-шашын мөлшері негізінен көпжылдық мәндерге жақын болады деп болжануда, бірақ облыстар бойынша олардың таралуы біркелкі емес деп күтілуде:

- **қыркүйекте** жауын - шашын республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Маңғыстау, Ұлытау, Қызылорда облыстарында, Түркістан облысының басым бөлігінде, Ақтөбе, Қостанай облыстарының қиыр оңтүстігінде, Қарағанды облысының батысында, Жамбыл облысының солтүстік-батысында *нормадан аз* (норма: ҚР басым бөлігінде 1-24 мм, елдің батысының, солтүстігінің, шығысының және оңтүстік-шығысының жекелеген аудандарында 25-42 мм, республиканың шығысындағы таулы аудандарда – 50-56 мм) болжанады;

- **қазан** айында көптеген облыстарда жауын-шашын *көпжылдық норма шамасында* болады деп күтілуде, солтүстік-батыс бөлігінде, республиканың оңтүстігі, оңтүстік-шығысы мен шығысының таулы және тау бөктеріндегі аудандарында *нормадан жоғары* (норма: ҚР басым бөлігінде 6-24 мм, елдің солтүстігінің, шығысының, оңтүстік – шығысының басым бөлігінде, республиканың батысының, орталығының, оңтүстігінің жекелеген

аудандарында 25-49 мм, республиканың оңтүстігінің, оңтүстік-шығысы мен шығысының таулы аудандарында 50-64 мм);

- **қараша** айында жауын-шашын елдің үлкен аумағында норма шамасында, елдің оңтүстік-батыс, орталық, шығыс, оңтүстігінің басым бөлігінде, Алматы облысының солтүстігінде және Жетісу облысында нормадан аз болады (норма: елдің басым бөлігінде 9-24 мм, ҚР оңтүстігінің, оңтүстік – шығысының жекелеген аудандарында 50-82 мм) күтіледі.

Анықтама: маусымдық ауа райы болжамы жылына алты рет шығарылады: 1 жылы жартыжылдыққа болжам, 1 суық жартыжылдыққа болжам, олар Қазақстан Республикасының 17 облысы бойынша қыс, көктем, жаз және күзге арналған 4 тоқсандық болжаммен нақтыланады:

- 15 ақпанда көктемге (наурыз-мамыр);
- 15 наурыз жылы кезеңге арналған (сәуір-қазан);
- 15 мамыр жазға (маусым-тамыз);
- 15 тамызда күзге арналған (қыркүйек-қараша);
- 15 қазан суық кезеңге арналған (қараша-наурыз);
- 15 қарашада қысқа арналған (желтоқсан-ақпан).

Маусымдық ауа-райы болжамы ауа температурасы мен жауын-шашынның орташа метеорологиялық параметрлерінің сипаттамасы болып табылады, ол қарастырылып отырған маусым үшін климаттық нормалардан ауытқу (аномалия) түрінде көрінеді, оны қысқа мерзімге (тоқсандық маусымдық болжам, ай, онкүндік, апта және тәулік) болжамдармен нақтыланатын консультативтік ретінде пайдалану керек.

АРҰМББ

Исаб

Ж. Исабекова

✍ АРҰМББ жетекші инженері; Токтарова А., 2-категориялы инженері; Саркулова А.
31.08.2025ж.

